

Қымбатты оқырмандар!

Сіздердің назарларыңызға «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітапхананың оқу залында Ахмет Байтұрсынұлы - 150 жылына орай кітап көрмесі ұйымдастырылды «Асыл дарын, алтын тұлға, ұлттың ұлы көсемі». Ахмет Байтұрсынұлы — қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері.

*Ахмет Байтұрсынұлы-150 жыл*

*«Асыл дарын, алтын тұлға, ұлттың ұлы көсемі»*



*Ахмет Байтұрсынов- біріншіден,  
казак тілінің тұңғыш әліппесі  
оқулықтарының авторы. салған  
жанашыл мен Сонынан із ағартушы.  
Казак оқушыларының бірнеше буыны  
сауатын Байтұрсыновтың  
әліп-биімен ашып, ана тілін  
Байтұрсыновтың "Тіл құралы"  
арқылы оқып үйренді.*

*Рабиға Сыздыкова*

Амантай Сатаев

АЛАШТЫҢ  

---

АСЫЛДАРЫ



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ  
(1873–1938)



Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі «Елшілдік ұран», «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын...

Мұхтар Әуезов

Қара бұлт

Даланың күнге күйіп аптабы өткен,  
Үстінен бұлт шықты қаптап көкпен.  
Қуанды шаруалар: «Я, құдайлап»...  
Жерді бір суарар деп қурап кеткен.

Жауар деп тұрды халық үміт етіп,  
Тамбастан өте шықты күр желдетіп.  
Теңізге барды да бұлт құя салды,  
Далаға қурап тұрған жаумай кетіп.

Теңізге пәрменінше құя салып,  
Мақтанды мырзасынып тауға барып.  
Тау айтты: «Сен мақтанып келіп тұрсың,  
Мен тұрмын бұл ісіңе қайран қалып.

Егер де сол қадарлы жаусаң жерге,  
Су берсең шөлдеп тұрған егіндерге,  
Көк шығып, жер отайып, егін өсіп,  
Қандай зор тиер еді пайдаң елге.  
Не қайыр сенің қаар жауғаныңнан  
Сенсіз де су жетерлік теңіздерде...»

\*\*\*

Жиылып, кеңес тыңдап отырғандар,  
Мұнда да гирбат бар алсаңыздар.

Бұлттай жерге жаумай, суға жауған  
Қазақта іс ететін көп адамдар.  
Жұмсамай тиісті орнына мал, өнерін,  
Біреулер жүреді, оған не амал бар?!

?

1. Ақын қара бұлт арқылы өмірдегі қандай адамдарды бейнелеген?
2. Таудың сөзімен адамдардың қандай қасиетін көрсеткен болған?
3. «Сай – сайға құнды, бай – байға құяды» деген мәтелді қалай түсінуге болады?
4. Қара бұлттың мақтаншықтығы мен қайырымсыздығын көрген тәу не деп тіл қатты?
5. Ақын өз ойын қалай қорытқан?



1. Өлеңді мөнерлеп оқындар.
2. Мысал өлеңнің ерекшеліктерін естеріңе түсіріңдер.
3. «Қайырымдылық деген не? Оны кімдерге жасау керек?» деген бағытта пікірталас ұйымдастырыңдар.

Анама хат

Қарағым, дұғағөйім, қамқор анам,  
Арнап хат жазайын деп, алдым қалам.  
Сені онда, мені мұнда аман сақтап,  
Көруге жазғай еді Хақ тағалам!

Бара алмай, өтірікші болып өбден,  
Семейдің тұрмесінде отыр балаң.  
Мал ұрлап, кісі өлтірген айыбым жоқ,  
Өкімет, өр зорлыққа не бар шараң?!

«Үмітсіз шайтан болсын» деген сөз бар,  
Жолдар көп жаннатқа да тарам-тарам.  
Оқ тиіп, он үшімде ой түсіріп,  
Бітпеген жүрегімде бар бір жарам.

Алданып тамағымна оны ұмытсам,  
Болғандай жегенімнің бөрі харам.  
Адамнан туып, адам ісін етпей,  
Ұялмай не бетіммен көрге барам?!

Көп айтпай қысқасынан сөздіретін  
Балаңның мінезі бар сөзге саран: